

ELEMENT

100% ORIGINAL

ЖАҒАНДАҒЫ «ЖАҢА ЖОЛБАРЫСТАР» АЗИЯНЫҢ ЖОНДАРЫНДА ЖОРТАДЫ

Жақында «Дағдарыстан кейінгі әлем» халықаралық қоры шығарған «2050-перспективасы: әлемнің жаңа саяси-экономикалық картасы» атты жинақта бұдан былайғы уақытта жаһанның экономикалық орталығы Батыс қапталдан Азия аумағына қарай ауа бастайтыны туралы кеңінен талданып көрсетілген. Біз бұл туралы осы топтамамен беріліп жатқан мақалалар сериясының беташар тұсында біршама баяндап өткенбіз. Енді сол әңгімеге қайтып оралып, мүмкіндігінше кеңірек шолу жасап өтудің реті келіп отыр.

Сарапшылардың тұжырымдары бойынша, қазіргі таңда Азияда әлемнің экономикалық қуатының бір полюсі болып санала алатындай ірі экономикалық кластер қалыптасып үлгерген сияқты. Сонымен бірге, құрлықтың осы кезге дейін қатты буырқаныспен даму жолына түсіп келе жатыр деп есептелген елдерінің көпшілігі өздерінің алдыңғы лекті қуып жетушілік рөлдерінің аяқталу кезеңіне де келіп қалғанға ұқсайды. Бұл ыңғайда Жапонияның үлгісінен анық көрініп тұрғандай, алдыңғы саптағы мемлекеттердің осы жолда сәл де болса кідірістеуі олардың бұдан әрі алға қарай дамуларына айтарлықтай елеулі кедергі келтірер еді.

Бұған қоса айтарымыз, Азия құрлығы қай заманнан бері де перманентті, яғни үздіксіз геосаяси шиеленістер мен сілкіністердің нағыз қайнаған қазаны болып келеді. Бұл дүмпулер мен қозғалыстардың шегі қай кезде келіп жететінін әзірге ешкім де білмейді. Соған қарамастан, «Азия өзінің әлемнің мейлінше ырғақты даму жолына түскен құрлық деген мәртебесін сақтап қала ала ма?» деген сауалға сарапшылардың басым бөлігі оң көзқарас танытып, растап жауап беріпті. Олардың болжамдары бойынша, алдағы 50 жылда бұл мәртебе тек бұдан әрі беки түсетін көрінеді. Зерттеуге қатысушылар мұны көптеген себептерге байланыстыра алға тартып отыр. Осы аспектілердің қатарына бұл аймақтағы жас тұрғындар үлес салмағының басымдығы мен тұтыным деңгейінің ұдайы өсіп келе жатқанын айғақтайтын демографиялық базасының мығым екендігінен бастап, құрлықтың тиімді географиялық жағдайы мен жұмылушылық әрекеттеріндегі ұлттық ұқсастықтарына дейінгі сипаттары жатады. Бұдан бөлек, сарапшылардың бірқатары Азия аймағының ұзақ мерзімді болашағына оптимистік тұрғыдан баға бере отырып, Қытай, Үндістан, Жапония және Оңтүстік Корея секілді алпауыт мемлекеттердің өздерінен кейін келе жатқан елдерді алға сүйреуші локомотив қызметін атқаратындарына назар аударады. Ал мұның өзі ендігі жерде әлемдік аренада пайда болатын «азиялық жаңа жолбарыстарды» күтуіміз керек екенін білдіреді.

Қор сарапшылары осыған орай қабырғадан тіке қойылған: «Таяу Шығыстағы және Азия құрлығындағы қандай елдер «жаңа жолбарыс» атанудан үміткер бола алады?» деген сұраққа жауап бере келіп, Түркия, Индонезия, Вьетнам,

Иран және Қазақстан сынды нақты бес мемлекеттің аттарын атайды. Аталған үміткерлер тізімін Түркияның бастап тұрғаны да бекер емес. Оның атын осы халықаралық зерттеуге қатысушылардың жартысынан астамы атап көрсеткен екен. Олар мұндағы басты аргумент ретінде ең алдымен бұл мемлекеттің Еуропа Одағы елдеріне жақын орналасқанын, осыған сәйкес Еуропа рыногына қолжетімділігін, сондай-ақ, тұрақты экономикалық даму үстінде келе жатқанын, білім беру мен кәсіпкерлік саласында тиімді мемлекеттік саясат, бұған қоса, діни сенімдерге қатысты толеранттылық мәдениет ұстанып отырғанын көлденең тартады. Рас, дәл қазіргі таңда Анадолы түбегіндегі ел дін мәселесіндегі сабақтастықтан ауытқи келіп, өзінің саяси тұрақтылығының іргесін шайқалтып алғанға ұқсайды.

Сарапшылар Индонезия жөнінде сөз еткенде, оның бірқатар жылдардан бері G20 жүйесінде айтарлықтай табысты жұмыс жасап келе жатқанына салмақ салады. Сол сияқты, Вьетнамның да соңғы жылдардағы экономикалық өсімі тұрақтылықты көрсетіп отырғанын айтады. Ал Иран өзінің техника саласында қол жеткізіп жүрген жетістіктері арқылы ерекшелене түссе керек. Бірақ сарапшылар оны «жаңа жолбарыстар» тізіміне енгізгенде, бұл елдің саяси режімінің ерекшеліктерін және Батыспен арадағы қарым-қатынасының тұрақтанбағанын тағы атап өте алмапты. Егер осы ерекшелік келешекте күшейе түссе, Парсы мемлекеті жоғарыдағы үміткерлер тізімінен өз-өзінен сызылып қалуы да әбден мүмкін екен.

Бұл тізімді Қазақстан тиянақтайды. Ол, сарапшылардың бағалаулары бойынша, бүгінгі таңда Азияның үздіктері қатарынан орын алып отырған және келешекте «жолбарыстың» жүгін арқалайтын үміткерлер үйіріне кірген кешегі кеңестік кеңістіктен шыққан жалғыз мемлекет. Бұған біздің еліміздің мемлекет басқару және жоспарлау жүйесіндегі тиімділіктер, тұрғындардың білім деңгейлерінің өсулері, өнеркәсіптің ырғақты дамуы мен табиғи ресурстарға бай елдің банк секторының тиімді еуразиялық ендікте орналасуы, сондай-ақ, халықаралық интеграцияда алатын орны сияқты бірқатар көрсеткіштер негіз болған сияқты.

Осыған орай бірқатар сарапшылардың Қазақстанға жоғары баға бере отырып, келтірген нақтылы уәждеріне құлақ түргеннің артықтығы болмас. Мәселен, италиялық экономист Паоло Раймонди өз елінің ItaliaOggi деп аталатын газетіне берген сұхбатында: «Қазақстан. Бұл ел кеңестен кейінгі жүйенің алға қойған міндеттерін жүзеге асыруға жедел кіріскендіктен, өзін әлемдік рынокта тез танытып үлгерді. Ол өзінің алдындағы жүйенің мемлекеттік жоспарлау саласындағы жаңғыртушылық тәжірибелерін жылдам іс жүзіне асыра бастады. Сондай инновациялардың бірі нарықтық инвестициялық қор секілді жұмыс жасайтын «Самұрық-Қазына» мемлекеттік қорын дамыту болды. Одан бұрынғы барлық шектеулер алынып тасталды. Бірақ ол даму мен жаңғырту салаларында ұлттық мүдделерді көздеуге бағыт ұстайды», деп атап өтті. Ал Ұлыбританияның танымал маманы, Credit Agricole корпоративті

және инвестициялық банкінің бас сарапшысы Андрей Галушка: «Салыстырмалы түрде жоғары білікті жұмыс күші мен бай табиғи ресурстары, соның ішінде мұнайы мен газы бар Қазақстан кем дегенде жақын келешектерде барынша тиімді әріптес қалпында қала береді», деген ойдан арқау ширатады. Осыған ұқсас пікірді Азия Даму банкінің даму басқармасы бойынша маманы, филиппиндік Лейла Перальта мен Қытайдың Шанхай қаласындағы Халықаралық зерттеулер университеті (SISI) халықаралық қатынастар мен құқық мектебінің халықаралық қатынастар, халықаралық құқық профессоры доктор Рэймонд Колтер де білдіреді. Бұлардың алғашқысы Қазақстанда банк жүйесінің жедел дамып келе жатқанын, ондағы капиталдандырудың бүгінде 1 млрд. доллардан асып жығылғанын тілге тиек етсе, еліміздің Қытаймен сауда-саттықты дамытуды жақсы жолға қоя біліп, Ресеймен арадағы қарым-қатынасының тұрақты сипат алып келе жатқаны көп нәрсені көңілдегідей шешуге мұрындық болатынын алға тартады. Халықаралық валюта қорының кең ауқымды бәсекеге қабілеттілік туралы баяндамасына сәйкес, Қазақстан қазіргі күндері әлемде 72-ші сатыны иемденіп отыр. «Қазақстанда сондай-ақ, фосфордың үлкен қоры бар. Мұндағы аса бай кен орындарының бірі – Шилісай республиканың солтүстік-батыс аумағында орналасқан. Оның көлемі – 800 млн. тонна кен минералы», деп түйіндейді өзінің сөзін жоғарыдағы филиппиндік маман.

Сауалдамаға қатысушыларға, сондай-ақ, өздерінің көзқарастары бойынша, «жаңа жолбарыстар» атанатын елдердің ілгері суырылып шығуларына жол ашатын маңызды факторларды атап көрсету жөнінде де ұсыныс беріліпті. Сонда олардың басым көпшілігі елдердің «бұзып-жарып» алға ұмтылулары үшін мейлінше маңызды факторлар ретінде ең алдымен білімнің үдемелі дамуы мен зияткерлік сыйымдылығы басым өндіріс орындарын атап көрсетіпті. Сарапшылар қауымдастығының тұжырымы бойынша, бұл ретте стратегиялық ұзақ мерзімді жоспарлаудың алатын орны да ерекше үлкен. Мұндай пікірге сұрау салынғандардың 40 пайызы ұйыған екен. Респонденттердің үштен бір бөлігі елдің әлемдік өндіріс пен тұтыным орталықтарына қатысты тиімді географиялық ендіктерде орналасуының айтарлықтай салмағы болатынына назар аударады. Міне, осы артықшылықтардың бәрі жоғарыда аталған «жаңа жолбарыстар» атануға лайықты үздік бестіктегі Түркия, Индонезия, Вьетнам, Иран және Қазақстан мемлекеттеріне тән болып отыр.

Зерттеушілердің 30 пайызға жуығы елдің әлемдік аренадағы мәртебесінің тез өсуі мен көтерілуіне басты қажетті шарттардың бірі күшті мемлекеттік билік болып табылатынын сеніммен айтады. Осыған орай мемлекеттің адам ресурстарын дамытуға бағытталған жобалар мен инфрақұрылымдық жобаларға қатысуының маңызы аса жоғары болмақ. Күшті мемлекеттік билік ұзақ мерзімді ұлттық даму стратегиясын жасау мен инвестицияларды қорғауға кепілдік беру үшін өте-мөте керек. Аталған мәселенің Қазақстанға қатысты жағын талдап шыққан Халықаралық қауіпсіздік ғылыми-зерттеу

орталығы директорының орынбасары, португалиялық Лауренцо Сантьяго қызықты қорытынды жасапты. Оның берген бағасы: «Нақты мемлекеттік басқарумен және күшті Мемлекет басшысымен қолға алынған келісімді және үйлесімді экономикалық саясат» болып шыққан. АҚШ-тағы Огайо университеті халықаралық саясат саласындағы еңбек сіңірген профессор Томми Колфердтің бағасы да осыған ұқсас: «Бұл – мемлекеттік жоспарлау мен геосаяси жағдайдың, табиғи байлықтардың жақсы нәтижесі», дейді ол. Ал Малайзиядағы геосаясат және мәдениет жөніндегі тәуелсіз кеңесші Саймон Сундарай-Кеун мәселеге сәл басқаша қырынан келіп, ойын: «Ұлт шикізатты экспортқа шығару арқылы тапқан инвестициясын өзінің білімді тұрғындары санын арттыруға жұмсап келеді», деп түйіндейді.

Осылайша, 2050 жылға қарай Азия құрлығы, қай жағынан алып қарағанда да, жалпақ жаһанның барынша бұлқыныспен даму жолына түскен бөлігі болып қалатын түрі бар. Бұған қоса, әлемнің геосаяси бөлінісінде «азиялық жаңа жолбарыстардың» пайда болулары тек сол «чемпион-елдер» үшін ғана емес, сонымен қатар, оларды қоршаған мемлекеттер үшін де маңызды болып табылады. Себебі, олардың әрбір «бұзып-жаруы» дамушы құрлыққа қарай ауатын салмақтың жүгін қалыңдата түспек. Осы орайда «Дағдарыстан кейінгі әлем» халықаралық қорының директоры Екатерина Шиповамен таяуда ғана айтылып отырған жинаққа байланысты сұхбаттасу барысында айтылған, бірақ біздің кейін газетте жарық көрген сұхбатымызға еңбей қалған бірқатар тұжырымдар еске қайта түсіп отыр. Сол жолы Екатерина Анатольевна «жаңа жолбарыс» атанғалы тұрған мемлекеттер үшін өзінің айналасындағы елдермен өте жақсы экономикалық-саяси қарым-қатынаста болу керектігін ауызға ала отырып, мұның Қазақстан мысалындағы үлгісінің жоғары деңгейде екенін талдап көрсетіп беріп еді. Бұл үдерісте халықты жаппай сауаттандырудың, өскелең ұрпаққа өзекті білім берудің ең алғашқы саптағы қағидаттар қатарына жататынын да қайта-қайта қадап айтқан болатын.

Міне, осы айтылғандардың баршасы жинақта жан-жақты қамтылған. Осындай қағидаттарға берік Қазақстанның «Азияның ақ таңы» атты қарышты қозғалыстағы алатын орны мен рөлі ерекше болатыны халықаралық қор құрастырып шығарған еңбекте айшықталып көрсетілген. Мұнда біздің еліміздің қазіргі орналасқан географиялық орнымен қатар, даму стратегиясын дұрыс таңдап отырғаны көп нәрсенің көңілдегідей шешілуіне себепкер екені сөз етіледі. «Осылардың бәрі оның жұрттың бәрі мойындайтын Орталық Азия аумағының көшбасшысы атануына мүмкіндік береді», делінген бұл кітапта. Бұдан әрі сарапшылар республиканы бүгінгідей қалыпқа жеткізіп отырған нақтылы қадамдарды санамалап шығады. Біріншіден, Қазақстан басқарудың дәстүрлі әкімшіл-әміршіл дәстүрінен бас тартып, басқарушылардың заманауи және тиімді корпусын құрып алды. Кадрларды таңдау мен ілгерілетудің бүгінгі жүйесіне сәйкес, құқықтары мен мүмкіндіктері бірдей азаматтар өздерінің жоғары кәсібилік деңгейлерін қамтамасыз ете алады, мемлекеттік аппарат іс-әрекетінің

мөлдірлігі қалыптасты. Екіншіден, соңғы 15 жылдың ішінде 1997 жылғы 1,7 триллион теңге ұлттық экономиканың көлемі 2011 жылы 28 триллион теңгеге дейін жетті. Елдің ішкі жалпы өнімі 16 еседен артық өсті. 1999 жылдан бастап Қазақстанда жыл сайынғы ішкі жалпы өнімнің өсімі 7,6 пайызды құрап, ол алдыңғы қатарлы дамушы елдердің легіне келіп қосылды. Ішкі жалпы өнімнің жан басына шаққандағы көрсеткіші 1998 жылғы 1 700 АҚШ доллары көлемінен 2012 жылы 12 000 долларға дейін жетіп, өсім 7 еседен де асып түсті.

Қазақстан осы кезде жан басына шаққандағы тікелей инвестиция тарту көрсеткіші бойынша ТМД елдері арасында көш басына шықты. Біздің ел осы аралықта өзінің сыртқы саудасының мөлшерін 12 есе өсіріпті. Ал өнеркәсіп өнімдері өндірісінің көлемін 20 есеге дейін ұлғайтқан. Бұған елде жүзеге асырылып жатқан үдемелі индустриялық даму бағдарламасының қосқан серпіні айтарлықтай жоғары болған. Үшіншіден, Қазақстанда қолжетімді және сапалы білім алуды дамыту бағыты өзінің алған бетінен қайтпай келеді. Соның ішінде «Балапан» бағдарламасы бүлдіршіндердің 65,4 пайызын мектепке дейінгі мекемелермен қамтуға қол жеткізіп отыр. Сонымен бірге, мектепалды міндетті дайындық сабақтары қолға алынды. Ол мектепке баратын балалардың 94,7 пайызын қамтыды. Ал 1993 жылы «Болашақ» атты ерекше бір оқыту бағдарламасы қабылданды. Соның арқасында 8 мың талантты жас әлемнің таңдаулы білім ордаларынан білім алып шықты. Астанада халықаралық стандартқа сай жұмыс жасайтын заманауи ғылыми-зерттеу университеті ашылды. Осы үдемелі ілгері жылжу үдерісінде Қазақстан кезекті мәрте өзінің әлемдік трендтерді, яғни шешімдерді дөп тауып, табыс формуласын тура анықтай білу арқылы «уақыттан озу» бағытында жұмыс жасап келе жатқанын тағы да толық айғақтап берді. Сонымен, жаһандағы «жаңа жолбарыстар» Азияның жондарында жортқалы тұр. Біз, әлбетте, сол бес барыстың бел ортасында Қазақстанның да аспан түстес туының желбіреп тұратыны туралы болжамға қуанышты екенімізді жасырмаймыз.

Сарапшылар, сондай-ақ, сақтандыру шараларын қабылдау қажеттігін де алға тартады. Жаһанның әр мүйісі мен қиырындағы даму мен өрлеудің сипатына жасалған жан-жақты талдаудың барысында әлемді болуы ықтимал кең ауқымды жарылыстан сақтап қалудың маңызы зор екенін, мұндай буырқанған тірліктердің алдын алудың бүгінгі таңда алда тұрған ең маңызды міндеттердің бірі екенін де жасырмайды. Соңғы бес жылдың бедерінде күллі әлемде орын алып жатқан алуан түрлі оқиғалар әскери және саяси шиеленістерді ретке келтіру жүйесінің қазіргі қолданыстағы тиімділігі қандай екені туралы мәселені де алдыңғы қатарға жиі шығаратын болып жүр. Сондықтан да қор сарапшыларға «Бүгінде БҰҰ-ның, АҚШ-тың және НАТО-ның, сіздердің пікірлеріңізше, проблемасы көп елдерге қатысты қолданып келе жатқан шараларының тиімділігі қандай?» деген нақтылы сұрақ қойған. Сонда жауап берушілердің басым бөлігі бұл шараларды тиімді деп

есептемейтінін білдірген. Олар өз пікірлерінің түсіндірмесі ретінде түйінді қорытындысы «жарамсыз мақсатты» және «жарамсыз қаржылы» деп аталатын екі басты тезиске арқа сүйейтін аргументтерді алға тартыпты.

Бұған қатысты талдамаларды біз келесі жолғы қорытынды мақаламызда кеңірек баяндап беретін боламыз.